

## "2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы"

Абай облысы мәслихатының 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 6/33-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қыркүйекте № 29454 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Жарлығына сәйкес, Абай облысының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2, 3 - қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 193 620 870,2 мың теңге:

салықтық түсімдер – 4 527 288,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2 471 049,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 186 622 532,4 мың теңге;

2) шығындар – 193 537 469,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 3 871 216,0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 10 638 276,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 6 767 060,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -3 787 815,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 3 787 815,0 мың теңге:

қарыздар түсімі – 10 548 276,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 6 760 461,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0,0 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы мәслихатының 14.12.2022 № 11/65-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. 2022 жылға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне әлеуметтік салық, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, төлем

көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша кірістерді бөлу нормативтері 100 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

3. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2022 жылға арналған резерві 0,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

4. 2022 жылға арналған облыстық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. 2022 жылға арналған жергілікті бюджеттердің атқарылу барысында 5 қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

6. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 4 111 380,5 мың теңге сомада қарастырылсын, соның ішінде:

Абай ауданына – 916 803,0 мың теңге;

Бесқарағай ауданына – 839 255,0 мың теңге;

Бородулиха ауданына – 275 944,0 мың теңге;

Көкпекті ауданына – 138 609,0 мың теңге;

Ақсуат ауданына – 537 579,5 мың теңге;

Үржар ауданына – 1 403 190,0 мың теңге.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге арналған трансферттердің түсімдері 26 901 513,1 мың теңге сомасында қарастырылсын:

білім беру саласындағы атқарушы органдардың және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің функциялары мен штат санының лимиттерін аудандық деңгейден облыстық деңгейге беруге;

ветеринария саласындағы атқарушы органдардың және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің функциялары мен штат санының лимиттерін аудандық деңгейден облыстық деңгейге беруге;

бұлтты электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізуге;

Қазақстан Республикасының "2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңымен көзделген трансферттерді республикалық бюджетке беру қажеттілігіне байланысты.

Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінен трансферттер түсімдерін бөлу Абай облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 7-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. 2022 жылға арналған облыстық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы трансферттерді бөлу Абай облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 8-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

9. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:

- 1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;
- 2) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үй төлемдеріне;
- 3) ішкі істер органдарының азаматтық қызметшілері қатарындағы медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;
- 5) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 6) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 7) нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға;
- 8) мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;
- 9) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 10) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 11) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 12) үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды қамтамасыз етуге;
- 13) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 14) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға;
- 15) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 16) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

- 17) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;
- 18) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге;
- 19) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 20) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың мемлекеттік стипендиясының мөлшерін ұлғайтуға;
- 21) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;
- 22) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 23) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 24) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 25) сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастарды тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етуге;
- 26) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;
- 27) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 28) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;
- 29) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 30) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге ;
- 31) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 32) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 33) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялауға;
- 34) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

35) мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыруға;

36) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

37) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері сайлауын қамтамасыз етуге және өткізуге.

2022 жылға арналған республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Абай облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 9-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері көзделсін:

1) әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салуға және реконструкциялауға;

2) "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;

3) индустриялық инфрақұрылымды дамыту;

4) облыс орталықтарында инженерлік және көлік (абаттандыру) инфрақұрылымын дамыту;

5) шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру.

**Ескерту. Шешім 10-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

11. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы және кепілдік берілген трансферт есебінен республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері көзделсін:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

3) "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту;

4) "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту;

5) көліктік инфрақұрылымды дамытуға.

2022 жылға арналған республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттерін бөлу Абай облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 11-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

12. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен кредиттер көзделсін:

- 1) мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруға;
- 2) ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларға микрокредиттер.

2022 жылға арналған республикалық бюджеттен аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне кредиттер сомалардың бөлу Абай облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 12-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

13. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. Шешім 13-тармақпен толықтырылды - Абай облысы мәслихатының 21.09.2022 № 7/34-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

*К. Сулейменов*

Абай облысы мәслихатының  
2022 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 6/33-VII шешімнің  
1-қосымшасы

## 2022 жылға арналған облыстық бюджет

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы мәслихатының 14.12.2022 № 11/65-VII шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

| Санаты |    |             |   | Сомасы (мың теңге) |
|--------|----|-------------|---|--------------------|
| Сыныбы |    | Кіші сыныбы | Атауы   |                    |
| 1      | 2  |             |   |                    |
| 1      |    |             | І. Кірістер   | 193 620 870,2      |
| 1      |    |             | Салықтық түсімдер   | 4 527 288,0        |
|        | 05 |             | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар     | 4 527 288,0        |
|        |    | 3           | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 4 502 804,0        |
|        |    | 4           | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар   | 24 484,0           |
| 2      |    |             | Салықтық емес түсімдер  | 2 471 049,8        |
|        | 01 |             | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                              | 1 742 241,3        |
|        |    |             |   |                    |

|  |    |   |   |             |
|--|----|---|---|-------------|
|  |    | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері   | 54 515,3    |
|  |    | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер  | 46 000,0    |
|  |    | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар  | 1 641 726,0 |
|  | 04 |   | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар  | 263 885,9   |
|  |    | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, | 263 885,9   |

|   |    |   |  |               |
|---|----|---|--|---------------|
|   |    |   | санкциялар, өндіріп алулар   |               |
|   | 06 |   | Басқа да салықтық емес түсімдер  | 464 922,6     |
|   |    | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер  | 464 922,6     |
| 3 |    |   | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер   | 0,0           |
| 4 |    |   | Трансферттердің түсімдері  | 186 622 532,4 |
|   | 01 |   | Трансферттердің түсімдері  | 28 661 816,5  |
|   |    | 2 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер  | 28 661 816,5  |
|   | 02 |   | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер   | 74 563 239,0  |
|   |    | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер   | 74 563 239,0  |
|   | 03 |   | Облыстық бюджеттеріне, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне берілетін трансферттер   | 83 397 476,9  |
|   |    | 1 | Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерімен өзара қатынастары | 83 397 476,9  |

Функционалдық топ



| Кіші функция |   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |     |   | Сомасы (мың теңге) |
|--------------|---|-------------------------------------|-----|---|--------------------|
|              |   | Бағдарлама                          |     |   |                    |
|              |   | Атауы                               |     |   |                    |
| 1            | 2 | 3                                   | 4   | 5   |                    |
|              |   |                                     |     | II. Шығындар  | 193 537 469,2      |
| 1            |   |                                     |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер  | 991 606,9          |
|              | 1 |                                     |     | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 537 850,0          |
|              |   | 110                                 |     | Облыс мәслихатының аппараты   | 61 400,5           |
|              |   |                                     | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                            | 15 233,0           |
|              |   |                                     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары  | 715,5              |
|              |   |                                     | 005 | Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру                                    | 45 452,0           |
|              |   | 120                                 |     | Облыс әкімінің аппараты   | 396 153,2          |
|              |   |                                     | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                | 224 244,7          |
|              |   |                                     | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары  | 777,0              |
|              |   |                                     |     | Аудандық маңызы бар   |                    |

|  |   |     |     |   |           |
|--|---|-----|-----|---|-----------|
|  |   |     | 009 | қалалардың,<br>ауылдардың,<br>кенттердің,<br>ауылдық<br>округтердің<br>әкімдерін<br>сайлауды<br>қамтамасыз ету<br>және өткізу                                 | 130 000,0 |
|  |   |     | 113 | Төменгі тұрған<br>бюджеттерге<br>берілетін<br>нысаналы<br>ағымдағы<br>трансферттер  | 41 131,5  |
|  |   | 282 |     | Облыстың<br>тексеру<br>комиссиясы   | 80 296,3  |
|  |   |     | 001 | Облыстың<br>тексеру<br>комиссиясының<br>қызметін<br>қамтамасыз ету<br>жөніндегі<br>қызметтер  | 47 468,3  |
|  |   |     | 003 | Мемлекеттік<br>органның<br>күрделі<br>шығыстары   | 32 828,0  |
|  | 2 |     |     | Қаржылық<br>қызмет  | 396 975,7 |
|  |   | 257 |     | Облыстың<br>қ а р ж ы<br>басқармасы   | 373 689,6 |
|  |   |     | 001 | Жергілікті<br>бюджетті атқару<br>ж ә н е<br>коммуналдық<br>меншікті<br>басқару<br>саласындағы<br>мемлекеттік<br>саясатты іске<br>асыру жөніндегі<br>қызметтер | 36 903,2  |
|  |   |     | 113 | Төменгі тұрған<br>бюджеттерге<br>берілетін<br>нысаналы<br>ағымдағы<br>трансферттер  | 336 786,4 |
|  |   |     |     |   |           |

|   |   |     |     |  |          |
|---|---|-----|-----|--|----------|
|   |   | 718 |     | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы  | 23 286,1 |
|   |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                          | 23 286,1 |
|   | 5 |     |     | Жоспарлау және статистикалық қызмет  | 56 781,2 |
|   |   | 258 |     | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы   | 56 781,2 |
|   |   |     | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 56 781,2 |
| 2 |   |     |     | Қорғаныс   | 61 638,0 |
|   | 1 |     |     | Әскери мұқтаждар   | 6 000,0  |
|   |   | 120 |     | Облыс әкімінің аппараты  | 6 000,0  |
|   |   |     | 010 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар  | 6 000,0  |
|   | 2 |     |     | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру   | 55 638,0 |
|   |   | 120 |     | Облыс әкімінің аппараты  | 28 459,0 |

|   |   |     |     |   |             |
|---|---|-----|-----|---|-------------|
|   |   |     | 012 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру   | 28 459,0    |
|   |   | 287 |     | Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы | 27 179,0    |
|   |   |     | 004 | Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою  | 27 179,0    |
| 3 |   |     |     | Қоғамдық тәртіп , қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі  | 4 703 984,4 |
|   | 1 |     |     | Құқық қорғау қызметі  | 4 703 984,4 |
|   |   | 252 |     | Облыстық бюджеттен қаржыландырыл атын атқарушы ішкі істер органы  | 4 703 984,4 |
|   |   |     | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік  | 4 694 077,4 |

|   |   |     |     |  |               |
|---|---|-----|-----|--|---------------|
|   |   |     |     | саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер  |               |
|   |   |     | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу                            | 3 668,0       |
|   |   |     | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары   | 6 239,0       |
| 4 |   |     |     | Білім беру   | 113 948 297,4 |
|   | 1 |     |     | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту   | 10 318 258,8  |
|   |   | 261 |     | Облыстың білім басқармасы  | 10 318 258,8  |
|   |   |     | 081 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту  | 4 852 678,8   |
|   |   |     | 202 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 5 465 580,0   |
|   | 2 |     |     | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру                                      | 89 301 647,0  |
|   |   | 261 |     | Облыстың білім басқармасы  | 86 208 003,0  |
|   |   |     | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру                       | 2 085 867,0   |
|   |   |     | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру             | 1 617 394,0   |
|   |   |     |     | Балалар мен жасөспірімдерге  |               |

|  |  |     |     |   |              |
|--|--|-----|-----|---|--------------|
|  |  |     | 055 | қосымша білім беру  | 2 608 430,7  |
|  |  |     | 082 | Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру                         | 56 751 575,3 |
|  |  |     | 083 | Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру | 6 176,0      |
|  |  |     | 203 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға                     | 23 138 560,0 |
|  |  | 285 |     | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы   | 2 990 576,8  |
|  |  |     | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру  | 2 990 576,8  |
|  |  | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы  | 103 067,2    |
|  |  |     | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау                     | 103 067,2    |
|  |  |     |     | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен   | 9 573 024,3  |

|   |  |     |     |   |             |
|---|--|-----|-----|---|-------------|
|   |  |     |     | кейінгі білім беру  |             |
|   |  | 253 |     | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы  | 399 592,0   |
|   |  |     | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 399 592,0   |
|   |  | 261 |     | Облыстың білім басқармасы   | 9 173 432,3 |
|   |  |     | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау                        | 9 113 115,2 |
|   |  |     | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау                           | 60 317,1    |
| 5 |  |     |     | Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру                                   | 2 122 793,1 |
|   |  | 253 |     | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы  | 470 902,8   |
|   |  |     | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау                               | 470 902,8   |
|   |  | 261 |     | Облыстың білім басқармасы   | 1 651 890,3 |
|   |  |     |     | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға      |             |

|  |   |     |     |  |             |
|--|---|-----|-----|--|-------------|
|  |   |     | 052 | арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау                               | 1 651 890,3 |
|  | 9 |     |     | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер   | 2 632 574,2 |
|  |   | 261 |     | Облыстың білім басқармасы  | 2 632 574,2 |
|  |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер   | 365 861,0   |
|  |   |     | 007 | Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу                             | 157 742,0   |
|  |   |     | 011 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 114 440,0   |
|  |   |     | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу   | 281 577,0   |
|  |   |     |     |  |             |



|   |   |     |     |  |             |
|---|---|-----|-----|--|-------------|
|   |   |     | 019 | Мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру                        | 34 000,0    |
|   |   |     | 029 | Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу  | 516 204,1   |
|   |   |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                              | 958 604,1   |
|   |   |     | 086 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін | 4 196,0     |
|   |   |     | 087 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға       | 199 950,0   |
| 5 |   |     |     | Денсаулық сақтау   | 4 055 007,2 |
|   | 2 |     |     | Халықтың денсаулығын қорғау  | 1 016 226,1 |
|   |   | 253 |     | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы   | 597 960,0   |
|   |   |     | 006 | Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер   | 272 544,0   |
|   |   |     |     |  |             |

|  |   |     |     |   |             |
|--|---|-----|-----|---|-------------|
|  |   |     | 050 | Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу | 325 416,0   |
|  |   | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы  | 418 266,1   |
|  |   |     | 038 | Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау  | 418 266,1   |
|  | 3 |     |     | Мамандандырылған медициналық көмек  | 1 195 078,5 |
|  |   | 253 |     | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы  | 1 195 078,5 |
|  |   |     | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау  | 1 195 078,5 |
|  | 9 |     |     | Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер  | 1 843 702,6 |
|  |   |     |     | Облыстың денсаулық  |             |

|   |   |     |     |   |              |
|---|---|-----|-----|---|--------------|
|   |   | 253 |     | сақтау басқармасы   | 1 843 702,6  |
|   |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер  | 30 637,9     |
|   |   |     | 008 | Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру | 60 425,0     |
|   |   |     | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер  | 18 368,0     |
|   |   |     | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары  | 1 734 271,7  |
| 6 |   |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру  | 16 530 818,6 |
|   | 1 |     |     | Әлеуметтік қамсыздандыру  | 7 928 501,7  |
|   |   | 256 |     | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы                          | 2 509 795,4  |
|   |   |     |     | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер           |              |

|  |  |  |     |   |           |
|--|--|--|-----|---|-----------|
|  |  |  | 002 | көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету   | 887 047,4 |
|  |  |  | 012 | Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде ( ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 213 872,3 |
|  |  |  | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде ( ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін   | 794 740,0 |

|  |     |  |  |             |
|--|-----|--|--|-------------|
|  |     |  | арнаулы<br>элеуметтік<br>қызметтер<br>көрсету  |             |
|  |     |  | 015<br>Балалар<br>психоневрологи<br>я л ы қ<br>медициналық-эл<br>еуметтік<br>мекемелерінде (<br>ұйымдарда),<br>арнаулы<br>элеуметтік<br>қызметтер<br>көрсету<br>орталықтарында<br>, элеуметтік<br>қызмет көрсету<br>орталықтарында<br>психоневрологи<br>я л ы қ<br>патологиялары<br>бар мүгедек<br>балалар үшін<br>арнаулы<br>элеуметтік<br>қызметтер<br>көрсету | 614 135,7   |
|  | 261 |  | Облыстың білім<br>басқармасы   | 791 748,3   |
|  |     |  | 015<br>Ж е т і м<br>балаларды,<br>ата-анасының<br>қамқорлығынсы<br>з қалған<br>балаларды<br>элеуметтік<br>қамсыздандыру  | 661 748,0   |
|  |     |  | 037<br>Әлеуметтік<br>сауықтандыру  | 70 132,0    |
|  |     |  | 092<br>Патронат<br>тәрбиешілерге<br>берілген баланы<br>(балаларды)<br>асырап бағу  | 59 868,3    |
|  | 288 |  | Облыстың<br>құрылыс, сәулет<br>және қала<br>құрылысы<br>басқармасы   | 4 626 958,0 |
|  |     |  | Әлеуметтік<br>қамтамасыз ету   |             |

|   |  |     |     |   |             |
|---|--|-----|-----|---|-------------|
|   |  |     | 039 | объектілерін салу және реконструкциялау   | 4 626 958,0 |
| 2 |  |     |     | Әлеуметтік көмек  | 47 964,7    |
|   |  | 256 |     | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы  | 47 964,7    |
|   |  |     | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау  | 47 964,7    |
| 9 |  |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер   | 8 554 352,2 |
|   |  | 256 |     | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы  | 8 548 572,2 |
|   |  |     | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 101 192,2   |
|   |  |     | 018 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру  | 68 902,0    |
|   |  |     |     | Ведомстволық бағыныстағы  |             |

|   |   |     |     |  |             |
|---|---|-----|-----|--|-------------|
|   |   |     | 067 | мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары   | 500,0       |
|   |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер  | 8 377 978,0 |
|   |   | 752 |     | Облыстың қоғамдық даму басқармасы  | 5 780,0     |
|   |   |     | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту                                  | 5 780,0     |
| 7 |   |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық   | 8 261 614,7 |
|   | 2 |     |     | Коммуналдық шаруашылық   | 8 261 614,7 |
|   |   | 279 |     | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы   | 8 261 614,7 |
|   |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 40 174,1    |
|   |   |     |     | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды   |             |

|   |   |     |     |  |             |
|---|---|-----|-----|--|-------------|
|   |   |     | 032 | топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 272 386,0   |
|   |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                      | 808 123,2   |
|   |   |     | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері                         | 7 140 931,4 |
| 8 |   |     |     | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік   | 5 578 833,0 |
|   | 1 |     |     | Мәдениет саласындағы қызмет  | 1 679 503,8 |
|   |   | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы                                   | 100 459,0   |
|   |   |     | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту   | 100 459,0   |
|   |   | 748 |     | Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы                             | 1 579 044,8 |
|   |   |     | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау  | 179 310,6   |
|   |   |     | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету                   | 414 656,0   |
|   |   |     | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау  | 985 078,2   |



|  |   |     |     |  |             |
|--|---|-----|-----|--|-------------|
|  | 2 |     |     | Спорт  | 2 035 849,7 |
|  |   | 285 |     | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы  | 913 673,1   |
|  |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                    | 16 941,1    |
|  |   |     | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу  | 11 353,0    |
|  |   |     | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 815 368,5   |
|  |   |     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары  | 62 257,5    |
|  |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер  | 7 753,0     |
|  |   | 288 |     | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы   | 1 122 176,6 |
|  |   |     |     |  |             |

|   |  |     |     |  |             |
|---|--|-----|-----|--|-------------|
|   |  |     | 024 | Спорт объектілерін дамыту  | 1 122 176,6 |
| 3 |  |     |     | Ақпараттық кеңістік  | 667 556,5   |
|   |  | 748 |     | Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы   | 517 196,0   |
|   |  |     | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету  | 175 583,0   |
|   |  |     | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету   | 341 613,0   |
|   |  | 752 |     | Облыстың қоғамдық даму басқармасы  | 150 360,5   |
|   |  |     | 009 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер  | 150 360,5   |
| 4 |  |     |     | Туризм   | 26 864,0    |
|   |  | 266 |     | Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы   | 26 864,0    |
|   |  |     | 044 | Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау | 26 864,0    |
| 9 |  |     |     | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер                                 | 1 169 059,0 |
|   |  |     |     | Облыстың мәдениет,   |             |

|  |  |     |     |  |             |
|--|--|-----|-----|--|-------------|
|  |  | 748 |     | тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы  | 1 034 217,2 |
|  |  |     | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 32 877,0    |
|  |  |     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары  | 39 818,0    |
|  |  |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер  | 961 522,2   |
|  |  | 752 |     | Облыстың қоғамдық даму басқармасы  | 134 841,8   |
|  |  |     | 001 | Жергілікті деңгейде қоғамдық даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                              | 62 015,1    |
|  |  |     | 005 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау   | 31 887,1    |
|  |  |     | 006 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру   | 13 249,6    |
|  |  |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер  | 27 690,0    |

|    |   |     |     |  |             |
|----|---|-----|-----|--|-------------|
| 9  |   |     |     | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану   | 599 444,0   |
|    | 1 |     |     | Отын және энергетика   | 599 444,0   |
|    |   | 279 |     | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы   | 599 444,0   |
|    |   |     | 050 | Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау                             | 599 444,0   |
| 10 |   |     |     | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 1 484 803,7 |
|    | 1 |     |     | Ауыл шаруашылығы   | 1 386 283,3 |
|    |   | 719 |     | Облыстың ветеринария басқармасы  | 1 363 263,3 |
|    |   |     | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер  | 34 707,0    |
|    |   |     |     | Мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды,  |             |

|  |  |     |     |  |             |
|--|--|-----|-----|--|-------------|
